

№54 Т Рысқұлов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі кмм әлеуметтік педагогтың атқарылған жұмыстарына анықтама 2023-2024 оқу жылы.

08-31 Қаңтар аралығында жалпыға бірдей міндетті білім қорынан тегін ыстық тамақпен қамтылған 1-4 сынып оқушыларының және жартылай жетім тұрмыс жағдайы төмен Асп алатын балаларға күнделікті тамаққа баруын және ыстық тамақтың берілуін қадағалап отырмыз.

Мектеп асханасында тамақтануды ұйымдастырудың жағдайы санитарлық эпидемиологиялық талаптардың орындалуларына ас мәзірі күнделікті ас мәзіріне сәйкес тексерілді. Аудандық білім бөлімінен келген қабарламаларға жауап беріліп отыр.

Әлеуметтік педагог

Ж Алданбекова



Әлеуметтік педагогтің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

Мектептің әлеуметтік-педагогикалық жұмысының мақсаты:

Мектептің әлеуметтік осал топтағы оқушыларына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсете отырып, әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу, мектептің әлеуметтік әл-ауқатын арттыру.

Міндеттері:

- Мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайын жан-жақты зерттеу және болжау, сол арқылы әлеуметтік шаралардың орындалуын қамтамасыз етіп, бала үшін білім алуға қолайлы орта құру;
- «Бала-отбасы-мектеп» моделіндегі әлеуметтік-педагогикалық жұмыс негізінде әлеуметтік жетімдіктің алдын алу;
- Оқушылардың құқықтық, әлеуметтік білімі мен жауапкершілігін қалыптастыру, баланың жан-жақты дамуын әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу.

Жылдық жоспар Білім туралы ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы, Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы ҚР 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі, ҚР баланың құқықтары туралы ҚР 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы, Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 бұйрығы, Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы, Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 № 68 бұйрығымен өзгерістер енгізілген) және т.б. нормативтік-құқықтық құжаттарға негізделген.

№ р/с	Іс-шаралар	Орындау мерзімдері	Жауаптылар	Есеп беру нысандары
I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу				
1.	Әлеуметтік педагогтің оқу жылына арналған жұмыс жоспарын (қағаз немесе электрондық форматта word (ворд) немесе pdf (пдф)) әзірлеу және оқу жылы ішінде жүзеге асыру	Қыркүйек	ДТЖО Әлеуметтік педагог	Мектеп директоры, АББ
2.	Әлеуметтік мәртебесіне байланысты оқушылармен жұмыс жоспарын құру, жұмыс бумасын жүргізу	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог	Мектеп директоры
3.	Сынып жетекшілерден оқушылардың әлеуметтік тұрмыс жағдайын зерттеу жөнінде мәліметтер жинау	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	Мектеп директоры

4.	Әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларды (жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, толық емес, жартылай жетім, көпбалалы, аз қамтылған, сәтсіз отбасындағы, оқушылар) оқулықпен қамтамасыз ету.	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог Кітапханашы Сынып жетекші	Мектеп директоры, АББ
5.	Мектеп асханасынан ЖББҚ есебінен тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушыларды анықтау және тізімін жасау	Қыркүйек	МДЖО Әлеуметтік педагог	Мектеп директоры, АББ
6.	Мектеп оқушыларының әлеуметтік картасын жасау және мүгедектігі бар оқушылармен жұмыс жасау	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	Мектеп директоры
7.	Жетім және ата-ананың қамқорынсыз қалған балаларды анықтау, тізімін бекіту және журналға тіркеу	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	Мектеп директоры, АББ
8.	Әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан • Көп балалы отбасынан шыққан оқушылар; • Үйде оқытылатын және мүгедек оқушылар; • Аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылар; • Толық емес отбасынан шыққан оқушылар; • Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынан шыққан оқушылар; • Өгей ата-анамен тұратын оқушыларды анықтау	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	Мектеп директоры, АББ
9.	Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың жеке іс-қағаздарын реттеу, оқушылардың жеке қызығушылығын бақылау, есепке алу журналы жүргізу	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	Мектеп директоры, АББ
10.	Сынып жетекшілермен бірлесіп әлеуметтік көмек қажет ететін оқушыларға «Қайырымдылық» акцияларын, «Мектепке жол» республикалық акциясында оқушыларға көмек беру	Қыркүйек	ДТЖО Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	Мектеп директоры, АББ
11.	«Адамдарға қуаныш сыйла» қайырымдылық айлығын ұйымдастыру	Қазан	Әлеуметтік педагог ДТЖО	Мектеп директоры, АББ
12.	Мектепте атқарылған әлеуметтік-педагогикалық жұмыс туралы мектеп сайтында, әлеуметтік желілерде, қажет болған жағдайда БАҚ мақала, пост жариялау	Кезінде	Әлеуметтік педагог	Мектеп директоры, АББ
II. Балалық құқығын қорғау жұмысы				
13.	Буллингке ұшыраған білім алушыларды анықтау және қолдау көрсету, оның салдарын жою	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог	Мектеп директоры
14.	Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларды бақылау журналын жүргізу, сынып жетекші, мектеп әкімшілігі және психолог бақылауында ұстау	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	Мектеп директоры
15.	Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың	Қазан	Әлеуметтік педагог	Мектеп

	әлеуметтік тұрмыс үй жағдайымен танысу, үй-тұрмыс актісін жүргізу		Сынып жетекшілер	директоры, АББ
16.	Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың үй-мүлкінің сақталуын қадағалау	Қараша	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	Мектеп директоры, АББ
III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс				
17.	АШБ ЮПТ есебін, сәтсіз, мектепшілік есепте тұратын оқушыларды тұрғын үй тұрмыс актісін жасау	Үнемі	МДТЖО Әлеуметтік педагог	Мектеп директоры, АББ
18.	Өгей – атаанамен тұратын оқушыларды бақылау	Жыл бойы	МДТЖО Әлеуметтік педагог	Мектеп директоры, АББ
IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы				
19.	Жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған, отбасынан шыққан оқушыларды қала сыртындағы және мектеп жанындағы жазғы сауықтыру лагерлеріне қамтылуын қадағалау	Мамыр	МДТЖО Әлеуметтік педагог	Мектеп директоры, АББ
20.	Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың денсаулығын профилактикалық-медициналық бақылаудан өткізу	Желтоқсан	Әлеуметтік педагог Медбике	Мектеп директоры, АББ
21.	Аудандық білім бөлімінің қамқоршылық бөліміне жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың жарты жылдық есебін өткізу	Желтоқсан	Әлеуметтік педагог	Мектеп директоры, АББ
22.	Жалпыға бірдей білім беру қорынан берілетін түрлі әлеуметтік көмектің есебін аудандық білім бөліміне өткізу	Желтоқсан	Әлеуметтік педагог	Мектеп директоры, АББ
V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс				
23.	Ата-аналар жиналыстарына қатысу	Кезінде	Әлеуметтік педагог	Мектеп директоры, АББ
24.	Білім алушылар мен ата-аналарға буллингтің алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстарын ұйымдастыру және жадынама тарату	Қантар	Әлеуметтік педагог	Мектеп директоры
25.	Сынып жетекшілерінің әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың ата-аналарымен байланысын қадағалау	Кезінде	Әлеуметтік педагог	Мектеп директоры
26.	Жаңа жылдық шыршаға әлеуметтік қамқорлықтағы оқушыларды қатыстыру, сыйлықпен қамтамасыз ету	Желтоқсан	Әлеуметтік педагог	Мектеп директоры, АББ
27.	Үйде оқытылатын оқушылардың ата-аналарымен кездесу және әлеуметтік педагогикалық жұмыстар атқару	Ақпан	Әлеуметтік педагог Психолог	Мектеп директоры, АББ
VI. Диагностикалау-талдау қызметі				
28.	«Буллинг» сауалнамасы	Наурыз	Әлеуметтік педагог	Мектеп директоры
29.	Оқушылардың әлеуметтік картасын толтыру үшін сынып жетекшілерінің материал жинауына көмек көрсету	Кезінде	МДТЖО Әлеуметтік педагог	Мектеп директоры, АББ

30.	Мамандық тадауына байланысты ДДС сауалнама алу	Сәуір		Мектеп директоры, АББ
31.	Жалпыға бірдей білім қоры және арендатор есебінен ыстық тамақпен қамтылған оқушыларға «Дұрыс тамақтану қағидалары» тақырыбында мектеп оқушыларын түсіндірме жұмыстарын жүргізу	Мамыр	Әлеуметтік педагог Медбике	Мектеп директоры, АББ
32.	Әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс нәтижесінің қорытынды есебі.	Мамыр	Әлеуметтік педагог	Мектеп директоры, АББ
33.	Келесі жаңа оқу жылына жоспар құру. Әлеуметтік осал топтағы оқушылардың білім деңгейін жүргізу.	Мамыр	Әлеуметтік педагог	Мектеп директоры, АББ

Әлеуметтік педагог:



Ж.Алданбекова